

Тәуліктік ЭКГ мониторлау



Орындаған: Мырзахан А.Б.
Факултет: ЖТД
Тобы: 609-1
Қабылдаған: Нургалиева Л.Б.

Тәуліктік ЭКГ мониторинг



- Тәуліктік ЭКГ мониторинг - жүрек қызметінің диагностикасы үшін кардиологияда кеңінен қолданылатын әдіс. Ол күннің түрлі кезеңдерде науқастарды бақылауға мүмкіндік береді.



Холтер бойынша ЭКГ мониторингі



- Холтерлік ЭКГ мониторинг 1961 жылы зерттеуші Norman J. Holter (Норман Дж. Холтер) атына аталған.
Бұл 24 сағат бойы үздіксіз бірнеше тіркемеде ЭКГ жазатын функциональді диагностика әдісі. Ол үшін өзімен бірге жүретін тәулік бойы ЭКГ жазатын және жүректің жұмысы жайлы компьютерге ақпарат беретін кішкентай регистратор қолданылады.



- Екі арналы ЭКГ 24 сағаттық кардиотіркеуішпен компьютердің жадына тіркеледі.
- Дескритизация жиілігі 250 Гц;
- Разряд бағалау саны 10






ЭКГ-ні тіркеу басында кардиотіркеуіштің күштемелік қуаты қамтамасыз етіледі.

- Бірінші күні монитор орнатылады. Бұл арнайы дайындықты қажет етпейді және орнату үшін баржоғы 10мин.кетеді. Келесі күні монитор шешіліп, алынған мәліметтер талданылады.
- Модуль және персоналды компьютер арасындағы байланыс тоқсыз және жылдам. Құрылғы кішкентай көлемімен және жеңіл салмағымен науқасқа ешқандай ынғайсыздық тудырмайды. Құрылғы көлемі 5x8 см., салмағы50 г.



- Қарсы көрсеткіштері және жас айырмашылығы жоқ.
- Холтер 24 сағаттық ЭКГ-нің 2-ші, 3-ші тісшелеріндегі жазбаларын ішкі жадында сақтайды, аритмияның 11 түрін анықтай алады. Құрылғының қуат көзі өшіп тұрған жағдайда да алынған жазбалар жадында сақталады және бірнеше рет қайталап оқуға мүмкіндік береді





- Холтерлік мониторинг кезінде барлық науқастарға жалпы жағдайы мен шағымдарын, сипатын, физикалық жүктеме, дәрі-дәрмек қабылдау және ұйқы мен ояу кезіндегі жағдайларын белгілейтін күнделік беріледі. Күнделіктегі мәліметтер ЭКГ-дағы мәліметтермен салыстырылады.

ЭКГ Холтерлік мониторингінің көрсеткіштері:



- Скрининг (миокардтың ишемиясын және жүрек ырғағының бұзылысын іздеу). Еркектер 35-тен жоғары- 3 жылда 1 рет. Әйелдер 40-тан жоғары- 3 жылда 1 рет
- Барлық кардиологиялық науқастар жылына 1 рет.
- Антиаритмиялық емді бақылау (тағайындауға дейін және 1-2 аптадан кейін).
- Антиишемиялық емді бақылау (емдеуге дейін және 3 аптадан кейін).

Қосарланған синдромдар мен жағдайы:



- Қалқанша безі ауруы (тиреотоксикоз, АИТ)
- Холестерин немесе үшглицеридтердің жоғары деңгейі
- Жоспарланған жүктілік
- Әр-түрлі мерзімдегі жүктілік (бір реттік)
- Естен таңу жағдайы (кем дегенде 3 күн ЭКГХМ)
- Қанда глюкозаның жоғарылауы (миокардтың ауырсынусыз ишемиясын іздеу)
- Әр-түрлі анемиялар (тәждік емес миокард ишемиясы)
- Ентігу
- Кеуде тұсында ауырсыну синдромы
- 3 дәрежелі семіздік
- Жоспарланған хирургиялық араласу
- Түндегі апноэ
- Созылмалы шаршау синдромы
- Химиотерапияға дейін және кейін
- сәулелі емге дейін және кейін
- Препараттарды тағайындау с синдромом «обкрадывания» (трентал, курантил және т.б.)

Қауіпті мамандық иелері (жыл сайын).



- Ұшқыштар
- Қоғамдық көлік жүргізушілері
- Су сүңгуірлер
- крановщиктер
- альпинисттер
- авиадиспетчерлер

ЭКГ ХМ автоматты талдауында: ырғақ бұзылысы, әр-бір тіркемеде ST сегментінің ығысуы мен өзгерістерінің динамикасы, ырғақтың вариабельді көрсеткіштері анықталады.



- Бұл жүйе келесі ырғақ бұзылыстарын анықтай алады:
- Қарыншалық және қарыншаүстілік экстрасистола;
- Қарыншалық және қарыншаүстілік тахикардия пароксизмі;
- Қарыншалық және қарыншаүстілік бигеменияны;
- Қарыншалық және қарыншаүстілік тригеменияны;
- Компенсаторлы үзілістер және қысқа уақытты асистолия белгілері;
- Ретсіз ырғақ кезеңдері;
- Жүрек өткізгіштігінің бұзылыстары: АВ блокада дәрежелері, ГШБ

Әдеттегі қарапайым ЭКГ мен Холтер бойынша ЭКГ мониторингінің айырмашылығы



- Біріншіден ЭКГ кезінде жүрек қызметін тіркеу қысқа уақыт ішінде жазылады (30 сек), бұл уақыт аралығында науқастың шағымдарын туындатқан себептерді (брадикардия, тахикардия, аритмия) анықтау мүмкін емес.
- Екіншіден ЭКГ науқастың тыныш қалпында тіркеледі, бұл күнделікті өмірдегі физикалық жүктеме кезінде миокардтағы бұзылыстарды көруге мүмкіндік бермейді.
- ЭКГ ХМ тіркеу қарапайым ЭКГ-да көрінбейтін науқастың күнделікті өмірінде болатын әр-түрлі жағдайларды тіркеуге мүмкіндік береді.



- Алынған мәлімет аритмия түрлері мен стенокардия ұстамасын, жүрек ырғағының бұзылысын, жүрек өткізгіштігін, миокард ишемиясының бар –жоғын анықтауға мүмкіндік береді.
- Бұл әдіс тек нақты диагноз қойып, өмірге қауіпті аритмия, ишемияны анықтап қана қоймай, сонымен қатар жүрек-қан тамыр ауруларын емдеу және жүргізілген емнің нәтижелігін жоғарылатуға да мүмкіндік береді.



- **ЭКГ ХМ орнатуда науқасқа берілетін ескертпелер:**
- Суға, бассейн, душқа түсуге;
- Электрқұрылғылармен жұмыс істеуге болмайды
- **ЭКГ ХМ орнатуға қарсы көрсеткіш:**
- әр-түрлі тері аурулары